

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

6. Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. - Алматы: Қазақстан, 1992,301-309 б.

ӘОЖ 93\94(574)

АЛАШТЫҢ ДАРА ҰЛЫ – ӘЛИХАН

Эрланұлы Дәулет

daulet_erlanov@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Тарих факультеті, 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Е.Е Сайлаубай

Заманымызға қазақ үшін өмірін,білімін жұмсап,
ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген
күллі қазақ халқына бірінші дерлік жан басшымыз – Әлихан Бөкейханов.
Міржақып Дулатов

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қоғам және мемлекет қайраткерлерінің арасында аса ерекше тұлға – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов.

Ойға түрткі салып, қазіргі XXI ғасырымыздағы ой талғамы өскен тұлғалардың сана – сезімінен ойып орын алатын абзал азамат, алаш көшбасшысы, ғасырлар ғұламасы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан. Айта келе, халқының қамын ойлай, қуғын – сүргінге ұшырай қиындық көрсе де, талай – талай жетістіктерге жеткен жүз жылда біртуар ұлтымыздың ұлағатты ұлы туралы.

Көрнекті қоғам қайраткері – XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, халқымыздың тұңғыш саяси алаш партиясының ұйымдастырушысы және ұлттық Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, ғұлама-ғалым ормантанушы – экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі дарынды публицист – міне, ардақты азаматымыздың халқы үшін соңғы демі біткенше атқарып өткен сан қилы қызметінің бұл болар-болмас көрінісі ғана.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан балалық шағынан бастап ерте сауат ашып, Абай, Шортанбай шығарамаларымен жақсы таныс болған. Ол өз өлкесінің тарихы мен жағрафиясын жақсы меңгергендігі белгілі.

Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін бөліп айту артық емес. Біріншіден, Әлихан еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ақын-жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғандығы сөзсіз.

Екіншіден, XX ғасырдың басында озық ойлы Европа мәдениеті мен дәстүрінің ықпалынсыз Ә. Бөкейханов сияқты ірі қайраткердің қалыптасуы, әрине, мүмкін емес-тін [1. 7-8 б]

XIX ғасырдың соңында Ресей империясында саясаттан тыс қалған түпкірді табу қиын болар еді. Ә.Бөкейханов сол өткен ғасырдың 80-ші жылдары империяның шығыстағы ірі саяси орталықтарының бірі Омбы қаласында техникалық училищеде оқыды. Бірақ оның шын мәніндегі үлкен саясаттың не екендігін түсінген кезі, әрине, Санкт – Петербургтегі орман техникалық институтында оқып жүрген жылдарына түс келеді. Мұнда ол студенттік қызу пікір-таластарға қатысып Ресей жандармериясының бақылауына ілігеді. Ресейдің орталық қалаларында білім алған қазақ зиялыларының саяси белсенділігі студенттік өмірден басталды. Ресейдегі үздіксіз революциялардың алғашқы кезеңінде шақырылған I және II Мемлекеттік Дума және Ә.Бөкейханның «Выборг» манифестіне үн қосуы, кадеттер партиясындағы қызметі, ұлттық «Алаш»

партиясы мен Алашорда үкіметін құруы сияқты нақты істері Алаш қозғалысын шарықтау шегіне жеткізді.

Оның есімі ұзақ жылдар бойы сирек аталып, «буржуазияшыл ұлтшыл», «халық жауы», деп айыпталды. Кейінгі ұрпаққа қалдырған орасан зор мол аманат – мұрасы бір кісінің ғұмырындай уақыт шаң басып жатты соған қарамастан оның негізгі идеялары қазақ халқының ұлттық санасының оянуына елеулі әсерін тигізді.

XVIII-XIX ғасырларда мемлекеттілігі, өзін-өзі билеу көріністері мүлдем жойылып, бөтен жұрттың езгісі мен қанауына түскен қазақ халқы – осы жүзжылдықтың басында сол кезгі өркениет үлгісімен жерлерін біріктіріп, мемлекеттілігін қалпына келтіруді батыл қолға алған-ды [2. 3 б].

Ә.Бөкейханов ұлттық еркіндік пен дамудың алғышарты ұлттық мемлекеттің болуы деп түсінді. Ол Г.Н.Потаниннің өмірбаянына арналған мақаласында ғалымның біз қарап отырған мәселеге байланысты көзқарасына тоқталып: «Саяси жолындағы бізге жылы көрінетін бір негізді факті мынау: елдің тұрмысын, тілін, мінезін, білмеген кісі көш басын алып жүре алмайды. Олай болса көп ұлтты құрылған Россияны бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Россия өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беруі керек дейтін Г.Н», - деп жазады. Қазақ елінің автономия алуын талап етеді. [1.25 б].

Дәл осы сәтте ұлттық бағдарлама жасау, отаршылыққа қарсы күрес, қоғамды демократиялау, оны өркениетті жолға салу, ұлттық сананы көтеруді күн тәртібіне қоятын алып күш, саяси қозғалыстың тарих сахнасынан көрінуі керек еді. XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқы үшін айтулы жылдардың бірі 1917 жыл болып табылады.

Орынборда 21-26 июльде, бірінші жалпы қазақ-қырғыз съезі мемлекет билеу түрін тексергенде, қазақ-қырғыз облыстары автономиялы болсын деп қаулы шығарды. Бірақ автономияны қашан жариялау жайы сөз болған жоқ. Үйткені ол кезде мемлекет құрылтайы тез болады деген жұрттың сенімі күшті еді. Автономия боламыз деген жұрттар еншісін құрылтайдан алмақ болды [3.444 б].

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен екінші жалпы қазақ съезі Алаш автономиясы деп аталатын Ұлттық мемлекет құрылғандығын мәлімдеп, оның үкіметін сайлады. Қазақ халқы алты алаштың күні туды деп шаттанды, Алаш туы көтерілді деп ұрандатты. Әлемнің алтыншы бөлігін алып жатқан Ресей империясы көлемінде бұл аса зор оқиға болмағанымен, отарлық езгідегі қазақ қоғамы үшін оның тарихи маңызы ерекше еді. Өйткені мұның бәрі қазақ елінің XVIII ғасырдан бергі өз бостандығы мен теңдігі жолында орыс империясына қарсы жүргізген азапты күресінің қорытындысы болатын.

Тарих сахнасына Алашорда – Халық Кеңесі үкіметін алып келген жалпы ұлттық күрестің басында ұлттық интеллигенция тұрды. Олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін басқа өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жалқы жол – ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді [1.5 б].

Көрнекті алаш азаматы саяси қайраткер, ғалым, көсемсөз майталманы, Ресей демократтарына қарсы күрескен азамат. Сайлауға барлығы үш үміткер қатысқан, баламалы сайлауда көп дауыспен ұтып шыққан Әлихан Бөкейхан алғашқы Қазақ автономиясының тұңғыш та жалғыз басшысы болды. Ол өзінің еңбектерінде қазақ халқының отаршылдық, қоныстанушыларға деген қарсылығын, қазақтың ұлт – азаттық күресін, ұлт мүддесін анықтап берген қоғам қайраткері.

Алаш алыптарының бірі XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханның ұлы тұлғасы мен саяси қызметі әлі күнге дейін мол зерттеуді қажет ететін көп жылдық тарих. « Қазақ елі бөлек бір автономия болу керек» , «Мемлекеттілігі жоқ халық – жетім халық» деп ұран тастаған, қазақ халқының ұлттық бостандығы мен дербес мемлекет болу үшін бүкіл ғұмырын арнаған, ұлты үшін Кеңестік

Ресейге бар күш жігерін салғандығын жас ұрпақ ұлағатты өмірін мәңгілікке есте сақтауы тиіс. Әлихан Бөкейханның саяси идеясы жан - жақты қалыптасты, қазақ елінің азыттығы, жарқын болашағы үшін халқына атқарған қызметі сан қилы. Жас кезінен Ресей империясының отарлық езгісіне қарсы өз ұлтына деген сүйіспеншіліктен туған сана сезімі ерте қалыптасты. Әлихан Бөкейхан қазақ даласын отарлау саясатына білек сыбана кіріскен патша өкіметімен күрес жүргізу үшін, әуелі бүкіл қазақ жұртының басын біріктіруді алға тартты.

Біздің адасқан надан жұртқа мұрындық болып, көз болып, бостандық, теңдік, туысқандық жолын ұғындыру зор борыш. Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық саяси ісін ұғынбаса, тезек теріп тарқы жолында артта қалады. Бақыт, махаббаттан тысқары болады. Бұл екеуі жоқ жұртқа тіршілік неге керек?! деген сөздермен аяқталған 1917 жылы «Қазақ» гезетінде жарық көрген «Қыр баласының» Алаштың талапты азаматы атты мақаласы саяси еңсесі түскен қоғамға ой салар, ұлтым деп сөз бастар рухты сөздердің бірі еді.

1917 жылға дейін Ә. Бөкейхан бастаған барлық қазақ зиялыларының негізгі мақсаты патша өкіметінің отарлау саясатынан құтылу болды. Сондықтан олар азаттық үшін күресті қолдады.

Белгілі тарихшы, т.ғ.д., профессор, Қазақстан тарихшылар қауымдастығының төрағасы Мәмбет Қойгелдиев, 1994 жылы жарық көрген Бөкейханов Ә. Шығармаларында: 1927 жылы 1 – қазанда «штаттың қысқартылуына байланысты», ал шын мәнінде БКП(б) Орталық Комитетіндегі қызметкерлердің нұсқауы бойынша қызметтен босатылған Әлихан Нұрмұхамедұлына берілген мінездемеде былай деп жазылды: «Орталық баспада жүргізілген өзінің ғылыми және әдеби қызметі кезінде азамат Ә.Н. Бөкейханов қазақтардың тілін, шаруалығын және тұрмысын өте терең білетіндігімен қатар, өзіне жүктелген міндеттерге үлкен адамгершілікпен қарайтындығын танытты».

Қазақ халқының ғылыми – экономикалық, саяси тұрғыдан өсіп – өркендеуіне жол ашты. Әлихан Бөкейхан 1917 жылғы қазақ елінің қиын жағдайын XVIII ғасырдағы «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманына теңеді. Бұл кездейсоқ айтылған ой емес, өз елінің ауыр, апатты жағдайға тап болғанын түсінгендей және одан сескенуден туған алаңдау болатын. Бұл тарихи кезең ұлттық саяси халық өмірінің жолына қорытынды жасаған болатын [4].

Әлихан Бөкейхан қоғамның барлық салаларында қызмет жасап, ұлт тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күресті. Ол бір кездері «тірі болсам, хан баласында қазақтың қақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!» деген сөзіне адал болып, туған халқына ақтық демі біткенше қызмет етіп өтті.

Тарихқа зер сала келе Ә.Н.Бөкейханның бастамасымен көтерілген «Алаш» қозғалысы мен қазіргі таңдағы тәуелсіздік арасында өзара байланыс пен сабақтастық бар. Бұл сабақтастық негізі сол кездегі Ә.Н.Бөкейхан ұлтына сүйіспеншілік танытып, халық мүддесін қорғап, саяси билікпен қалыптастырудағы бағдары еліміз тәуелсіздік алған кезде де өз маңызын жоймай келе әлемдік өркениетпен ұштастыра келеді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атап кеткендей: «Еліміздің азаттығын армандап, сол үшін құрбан болған Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған тәуелсіз қазақ мемлекеті сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы... Осы ретте Алаш арыстарының аманатына адалдық танытып, мемлекетімізді нығайтып, тәуелсіздігімізді көзіміздің қарашығындай сақтауға тиіспіз» деп, өткен тарихымызға үлкен баға берген болатын. Әлихан сында белгілі қоғам қайраткері, тарихшы, аудармашы, публицист, реформаторды ұлтымыздың тарихы мойындады. Біз жас ұрпақ тарихтың өзі айшықтап берген қазіргі тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанымыз сол кездегі Алаш азаматтарының ерінбей еңбегінің нәтижесі деп білеміз. Қазіргі біздің басты мақсатымыз уақыттың өзі айшықтап берген қазақ тарихындағы Әлихан Бөкейханның алар орнын, ұлағаттау, бойында қазақтың қаны тулап тұрған әрбір Алаш азаматының жүрегінде сақтап,

намысшылдық, отаншылдық, жүрегінің түкпірінде ұлтына деген сүйіспеншілік сезімі болу парызда. Ел еркіндігі және де бостандық үшін құрбан болған қазақ зиялыларының артына қалдырған асыл мұрасы ұрпақтан ұрпаққа жалғасары анық.

Қолданылған әдебиет:

1. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. 7-8 б, 25 б, 5 б.
2. Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. -3 б.
2. «Қазақ» газеті, Ә.Нысанбаев. - Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» 1998. – 444 б..
3. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Алматы: Ел – шежіре, 2008, 258 б.

УДК 378.183.035.3(571.150)

ВКЛАД СТУДЕНЧЕСКИХ СТРОИТЕЛЬНЫХ ОТРЯДОВ В СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ АЛТАЙСКОГО КРАЯ (1971 – 1975 ГГ.)

Яровикова Виктория Андреевна

yarovicova.vica@mail.ru

помощник ректора, аспирант Алтайского государственного технического университета им. И.И. Ползунова, г. Барнаул, Россия

Научный руководитель: Н.Д. Ростов

Главным направлением деятельности студенческих строительных отрядов (ССО) Алтайского края в рассматриваемый период стало повышение эффективности и качества работы.

В текущем пятилетии необходимо было оборудовать коммунальными удобствами хотя бы половину совхозов края. Многие населённые пункты края были не электрифицированы, не радиофицированы, не имели школ, больниц, медицинских пунктов, дошкольных учреждений, предприятий бытового обслуживания, магазинов, клубов и находились в большом отдалении от городов и сёл где эти предприятия и учреждения имелись. Из 2526 сельских населённых пунктов зарегистрированных по переписи 1970 г., 159 пунктов, где проживало более 5 тыс. человек не имело электричества, 357 пунктов с населением свыше 58 тыс. человек было не радиофицировано. Средние школы имелись только в 302 населённых пунктах, в которых проживало около 45% сельского населения. Значительное количество сельских жителей не имело возможности регулярно пользоваться медицинской помощью. 79% сёл и посёлков, где проживало свыше миллиона человек, находилось от железной дороги на удалении более чем за 10 километров, а 350 тыс. человек проживало на большом удалении от автобусных остановок [1].

На 1971 г. Алтайский крайком партии установил хозяйствам края и подрядным организациям задание комплексно механизировать 273 помещения для крупного рогатого скота на 54,4 тыс. скотомест, 60 свинарников на 64,5 тыс. скотомест и 37 птичников на 447 тыс. птицемест. В 1971 – 1975 гг. предстояло комплексно и частично механизировать 3400 помещений для крупного рогатого скота на 498 тыс. скотомест, 578 свинарников на 236 тыс. скотомест, 850 кошар и 224 птичника на 675 тыс. птицемест. По контрольным цифрам Министерства сельского хозяйства РСФСР на 1971 – 1975 гг. оснащение колхозов и совхозов края сельскохозяйственной техникой должно было значительно повыситься. В 103 колхозах, не имеющих типовых ремонтных мастерских и в 31 вновь организованном совхозе необходимо было построить в 1971 – 1975 г. 134 мастерские для текущего ремонта и технического обслуживания машинотракторного парка. Всего в хозяйствах края планировалось дополнительно построить и реконструировать 217 ремонтных мастерских, 582 стационарных пункта технического обслуживания тракторов, сельхозмашин и